

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ  
КЕРЕК**

**Оқылым  
10 -сынып**

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

басы	<b>D.</b>
1	
2	
3	
4	
5	

**Жеті қазынаның бірі**

**A.** - Ит иттігін жасап, адамды мақтады. Біздің арамызда бұдан былай оған орын болмауға тиіс. Дереву орманнан кетіріңдер! – депті күндей күркіреп.

**B.** - О, әлемде теңдесі жоқ патшам! Бұл өмірде сізден қайратты, ақылды, епті жан жоқ. Сондықтан да біз сізді патша сайлағанбыз! Сіздің қайырымыңыз шексіз, - депті. Басқа аңдар да арыстанға жағымпаздана, оны дүниедегі ең күшті, ақылды деп лепіреді. Мақтау сөздерге мәз болған ақымақ арыстан бір бұрышта құлағы салбырап, өзі маужырап жатқан итті көреді. Дереву гүрілдеп итке төне түседі де:

**C.** Бұл сөзден соң ит мүлде көңілі қалып, олардың арасынан біржола құйрық үзіп кете барған екен.

Содан бері ит адамның досы, көмекшісі болыпты. Кейін «Ит – жеті қазынаның бірі» деген сөз қалыптасыпты.

**D.** Аң патшасы арыстан қызметшісі жолбарысқа ормандағы аңдарды жинауды бұйырыпты. Арыстан патша әлемде ең қайратты, әрі ақылды, епті кім екенін білгісі келіпті. Аңдар лезде жинала қалады. Арыстанның сөзін естіген соң түлкі алға шығып:

**E.** - Ал сонда дүниедегі ең қайратты, әрі ақылды, әрі әділ, әрі епті кім? – дейді арыстан.

- Мен үшін дүниедегі қайратты, әрі ақылды, ол тек – адамзат!

Арыстан одан бетер ысқырып, дереву жолбарысқа:

**F.** - Әй, сен оңбаған, мыналардың айтып жатқанын естіп отырсың ба? Неге үндемейсің? – дейді.

Ит салмақты қалпын бұзбастан:

- Ә, сен бе едің. Сонша неге орманды басыңа көтересің? Менің де сені мақтап бас ұруым керек пе? - деп, басын көтерместен тәкаппарлана сөйлейді.

## Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

### 6. Антоним емесін белгілеңіз.

- а) иттік жасау – жақсылық істеу
- в) бас ұру – бағынбау
- с) көңілі қалу – ренжу
- д) құйрық үзу – жиі кездесу
- е) басына көтеру – жай сөйлеу

### 7. Мәтіндегі қай сөйлем жағымпаздықты көрсетеді?

- а) Ит – жеті қазынананың бірі.
- в) Мен үшін дүниедегі қайратты, әрі ақылды, ол тек – адамзат!
- с) Ит иттігін жасап, адамды мақтады.
- д) Ал сонда дүниедегі ең қайратты, әрі ақылды, әрі әділ, әрі епті кім?
- е) Сіздің қайырымыңыз шексіз.

### 8. Мәтіндегі «құйрық үзу» фразеологизмі қандай мағына білдіреді?

- а) ренжіп қалды
- в) құлап қалды
- с) біржолата кетті
- д) денесін зақымдады
- е) бір нәрсені тартып алды

### 9. Қай сөйлем дұрыс емес?

- а) Түлкі жағымпаз.
- в) Арыстан ақымақ.
- с) Аңдар қорқақ.
- д) Ит адал.
- е) Ит тәкаппар.

### 10. Мәтінде «дереу» сөзінің қандай синонимі бар?

---

## 2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Бос орындарға астында берілген тиісті сөз тіркестерін таңдап, әріптерді тиісті орнына қойыңыз.

АҚШ-та демалыс, әдетте, 11----- . Ал біздің елде үш аптадан көбірек немесе бір айдай демалады. Нұржан Айдәулетқызы маусымда демалыс алғысы келді. Ол бір ай демалуға жиналды. Бірінші ол Түркияға екі аптаға баруды, ал қалған екі аптасын 12----- . Содан соң оның Америкадағы танысы Нелли бір ай демалуға шақырды. Нұржамал Неллиге Америкаға барғысы келді.

Нұржамал самолетпен Америкаға он бес сағат ұшты. Нелли оны 13----- қарсы алды. Олар машинамен Неллидің үйіне келді. Олар әуежайдан алыс тұрады, сондықтан екі сағат жүру керек болды.

Нелли Нұржамалды барлық өзінің достарымен таныстырды. Олардың бірі Нұржамалды бірнеше күнге Майамиге шақырды, бірақ Нұржамал шақыруды қабылдауға ұялды да, 14----- .

Қайтар алдында Нұржамал Неллиді келесі жазда Қазақстанға шақырды. Нелли Қазақстанға бірнеше аптаға келуге қуана-қуана келісер еді, бірақ

Неллидің демалысы небары екі-ақ апта, сондықтан ол Қазақстанға 15 -----  
-----.

a.	бармайтынын айтты
b.	ұзақ мерзімге келе алмайды
c.	Нью-Йорктің әуежайында
d.	небары екі аптаға жалғасады
e.	саяжайда демалуды ойлады

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

### **Дәм татыру**

Қазақтар асты дәм деп атайды. Халық арасында біреуді еске алғанда: «Дәмдес болып едік. Үйінен дәм татып едік», - деп, ренжігенде, өкпелегенде: «Дәм-тұзым атсын! Дәм-тұзыма салдым», - деп айтқан сөздерінің ұлт ұғымында өзіндік орны бар. Өйткені әр қазақ өздерінің жақындары мен туыс-жекжаттарына ғана емес, ел сыйлаған құрметті азаматтарына, қадірлі ақсақалдарына, аналарына өз үйінен дәм татыруды үлкен мұрат, парыз деп санаған. Ол жолдан күні бүгінге дейін танған жоқ. Тек таныстар емес, үйге келген кез-келген жолаушы, бейтаныс кісіге де дәм татырмай жібермеген, себебі ұлт ұғымында дәмде кие, қадір-қасиет, ырыс, береке-бірлік, тірлік бар деген терең түсінік тым ертеден-ақ қалыптасқан.

Дәм татырудың қоғамдық, әлеуметтік істерде маңызы зор болған. Ең алдымен, әдейі шақырып, дастарқанынан дәм татыру – ата салт, қазақы әдеп, жол жоралғы. Екіншіден, ол – сыйлаудың, құрметтеудің, көңіл білдірудің айғағы. Үшіншіден, қай жерде болмасын, қай уақытта болмасын, сыйлас, қамқор, тілектес бола жүрудің кілті. Ел дәстүрі бойынша дәмдес болған адамдар бір-біріне қиянат жасамайды, жоғалғанын іздеседі, табысына қуанып, қайғысына ортақтасады.

Бұл – ғасырлар бойы санаға сіңген салиқалы салт. Демек, дәм татыру, дәм тату – адамгершілік, достық, бірлік белгісі. Бұл жақсы үрдіс халықпен бірге жасайды.

**Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:**

#### **16. Қай сөйлем жағымсыз?**

- a) Дәмдес болып едік.
- b) Үйден дәм татып кет.
- c) Дәм-тұзым атсын!
- d) Дәм-тұзы жарасты.
- e) Дәм-тұзын ақтады.

#### **17. Дәмдес болған адамдар бір-біріне не істемейді?**

- a) жақсылық
- b) қуаныш
- c) сыйлық

d) қиянат

e) тамақ

**18. Синонимдерді табыңыз.**

a) ренжу, өкпелемеу

b) дәм тату, дәм татыру

c) таныс, бейтаныс

d) достық, қастық

e) сыйлау, көңіл білдіру

**19. Дәм татыру қазақтар үшін не?**

a) күлкі

b) мазақ

c) жат нәрсе

d) парыз

e) кесел

**20. Мәтінде кездеспейтін сөз тіркесін белгілеңіз.**

a) дәм татыру

b) дәм тату

c) дәм- тұзын аттау

d) дәмдес болу

e) дәм- тұзына салу